

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Қазақстан тарихы кафедрасы

БЕКІТЕМІН
Факультет деканы

Ноғайбаева М.С.
« ____ » _____ 2021 ж.

SIK 1101 - «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ»

ПӘНІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

«БВ04101 - Мемлекеттік және жергілікті басқару», «БВ11301 - Логистика (сала бойынша)», «БВ01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті», «БВ01401 - Дене шынықтыру және спорт», «БВ07303 - Жерге орналастыру», «БВ07304 - Кадастр», «БВ01704 - Шетел тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы

1 Курс
Көктемгі семестр
5 кредит

Алматы 2021 ж.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: Джалдыбаева У.М.
«6B04101 - Мемлекеттік және жергілікті басқару», «6B11301 - Логистика (сала бойынша)», «6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B01401 - Дене шынықтыру және спорт», «6B07303 - Жерге орналастыру», «6B07304 - Кадастр», «6B01704 - Шетел тілі: екі шет тілі»білім беру бағдарламасының негізінде әзірленген

Қазақстан тарихы кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды
___ ___ 2021 ж., хаттама №

Кафедра меңгерушісі _____ Карибаев Б.Б.

Факультеттің әдістемелік кеңесінде ұсынылды
___ ___ 2021 ж., хаттама №

Төрайымы _____ Терекбаева Ж.М.

КІРІСПЕ

"Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы" жаратылыстану және гуманитарлық білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриатта мемлекеттік емтихан комиссиясының (мек) қорытынды бақылауымен аяқталады. "Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихандарды тапсыруға жұмыс оқу жоспарының және бакалавриаттың оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған бакалаврлар жіберіледі.

Мемлекеттік емтихан академиялық күнтізбеде және мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларында көрсетілген мерзімде өткізіледі. Қанағаттанарлықсыз баға алған бакалаврлар ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен белгіленген ережелерге сәйкес мемлекеттік емтиханды қайта тапсырады.

"Қазақстанның қазіргі тарихы" пәнінің мазмұнына қойылатын негізгі талаптар:

Қазақстанның қазіргі заман тарихының негізгі тарихи кезеңдері туралы шынайы, толық білім беру; мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы, тарихи-мәдени үдерістердің үздіксіздігі мен сабақтастығына білім алушылардың назарын аудару.

Оқыту нәтижелері:

1. Қазақстанның қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгереді;
2. қазіргі қазақстандық даму моделінің ерекшеліктерін және маңыздылығын дәлелдеу;
3. мәдениетаралық коммуникацияның практикалық әлеуетін анықтау және Қазақстанның рухани мұрасының терең тамырларына ұқыпты қарау;
4. қазақстандық бірегейлік пен патриотизмді қалыптастырудағы тарихи білімнің іргелі рөлін негіздеу;
5. қоғамның өзіндік азаматтық көзқарасын өзаракелісушілік, толеранттылық және демократия құндылықтарының басымдылығы арқасында қалыптастыру.

«Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу

1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бакалавриатының барлық академиялық бағдарламаларында қазіргі Қазақстан тарихын оқып зерделеу міндетті болып табылады. Бакалавриаттың барлық мамандықтарының білім алушылары бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестаттау кезеңінде "Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады.

2. "Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханның жұмыс оқу бағдарламасы осы пән бойынша Типтік оқу бағдарламасы негізінде әзірленеді және университеттің Ғылыми кеңесімен бекітіледі. Мемлекеттік емтиханды өткізу нысанын факультеттің Ғылыми кеңесі анықтайды.

3. "Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін құрамында комиссия төрағасы мен мүшелері бар күнтізбелік жылға мемлекеттік емтихан комиссиясы (МЕК) құрылады. "Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру нәтижелері оны тапсыру көзделген емтихан сессиясының қорытындысын шығару кезінде ескеріледі.

4. Білім алушы "Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған жағдайда, ол ақылы негізде осы пәнге жазылады, келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайта қатысады, ағымдағы бақылау талаптарын орындап, рұқсат алады және мемлекеттік емтихан тапсырады.

5. Мемлекеттік емтихан бойынша оң бағаны көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу ережесі:

1. Емтиханды өткізу түрі – жазбаша;
2. Өтетін түрі: оффлайн;
3. Бір билетте – 3 сұрақтан
4. Ұзақтығы - 120 минут

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі;
2. Студент емтиханға 30 минут бұрын дайын болуы керек;

III. Емтихан нәтижелері

1. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылады

КЕЛЕСІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ ҚҰРАСТЫРЫЛАДЫ:

Тарихи жады негізіндегі мәдени сабақтастық және ұлттық-азаматтық бірегейлік.

Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы

Қазақстандағы тәуелсіздіктің тарихи алғышарттары: ұлттық мемлекет құру идеяларының кезеңдері.

Азаттық қозғалыс идеологиясының қалыптасуы мен ұлт зиялыларының қызметі

XX ғ. б. саяси партиялар: большевиктер, кадеттер, әлеуметтік революционерлер, "Алаш", "Үш Жүз", "Шуро-и Исламия", "Шуро-и-улемия" және т.б.

Азаматтық-саяси қайшылықтар.

Қазақстандағы кеңестік биліктің әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерінің ерекшеліктері.

Қазақстандағы 1921-1922 жж. аштық

1931-1933 жж. ашаршылық

Кеңестік мемлекеттік құрылыс үлгісінің жүзеге асырылуы.

Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының күштеп бұзылуының салдары.

Білім беру жүйесіндегі кеңестік үкімет реформаларының қарама-қайшылықтары

XX ғасырдың екінші жартысы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен зардаптары.

Кеңестік қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарысы.

Е.Б.Бекмахановтың Кеңесары Қасымов бастаған көтеріліс тарихын зерттеуі бойынша "әділетсіз" айыпталуы.

Қазақстандағы "қайта құру" саясатының сипаты.

Қазақстандағы орталыққа қарсы күштер мен ұлттық сананың өсуі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымының қалыптасуы.

Қазақстанның ұлттық қайта жаңғыруы және демократиялық құқықтық мемлекеттің құрылуы.

Мәдени-тарихи мұрадағы және патриотизмді қалыптастырудағы саяси рәміздердің маңыздылығы.

Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі.

Қазақстан Республикасының экономикалық реформаларының жаңғыруы кезеңдері мен ерекшеліктері.

Әлеуметтік жаңғыру – қоғамның әл-ауқат тірегі.

Қазақ қоғамына сапалы өзгерістер алып келген әлеуметтік реформалар мен оның нәтижелері.

Этнодемографиялық үдерістер мен ұлтаралық келісімнің нығаюы.
Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық келісімді нығайтудың маңыздылығы мен жолдары.
Рухани жаңғыру және қоғамдық-саяси дамудың келешегі.
Қазақстандық қоғам құндылықтарының жаңа жүйесі, ерекшеліктері мен өзгешелігі.
Мемлекеттік бағдарламалар-Қазақстанның болашақ дамуының кепілі.
Ұлы Дала еліндегі жаңа тарихи сананы және дүниетанымды қалыптастыру саясаты.
Тарихи жадының сақталуы - тұлғаның сана-сезімінің негізі мен қазақстандық бірігейліктің дамуы ретінде.
Қазіргі заман жағдайында қазақ халқының ауызша мұрасы (тарихи дәстүрлер) мен жазбаша тарихнаманы (Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Қасымұлы Жалайырдың шығармаларын) зерттеу.
Қазақстан – замануи әлем мойындаған ел
Әлемдік және аймақтық мәселелерді шешу бойынша Қазақстан Республикасының қызметі. Қазақстанның ядролық қарусыз әлем үшін бастамалары.
Н.Ә. Назарбаев – тарихтағы тұлға.
Мемлекеттік басқару теориясы мен тәжірибесіне Тұңғыш Президенттің қосқан үлесі.
Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың еңбектері.
ҚР ортақ болашағы бар ұлттың қалыптасуы.
Астана - Қазақстан жаңаруының, оның көп ұлтты халқын қалыптастырушы энергиясының символы.
ҚР «Рухани жаңғыру» бағдарламасының іске асырылуы.
Әбу-Насыр аль-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы.
Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл.

ЕМТИХАНҒА ДАЫНДАЛУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Әдебиет:

1. Движение Алаш. /Сборник документов и материалов /. Алаш қозғалысы. /Құжаттар мен материалдар жинағы/. В 4 –х томах. 1-4 тт. - Алматы, 2004, 2005, 2010.
2. Қазақстан тарихы. Лекциялар курсы. – Алматы: Нұрпресс, 2011.
3. Новейшая история Казахстана. Хрестоматия. (1917-1939). 1т. - Алматы, 2007.
- 4.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2016, 2018, 2020. Қаз., рус., англ. яз.
- 5.Ұлы Дала тарихы: учебное пособие. – Астана: Zhasyl Orda, 2015.
- 6.Тәуелсіз Қазақстан тарихы: Хрестоматия. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
7. Алашорда. Фотоальбом. Алматы, 2012. Қаз., рус., англ. яз.
8. Омарбеков Т.О. Голодомор в Казахстане. Хрестоматия. Алматы, Қазақ университеті, 2013.
9. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. Алматы, 2009.
10. Н.А.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 12 сәуір 2017 жыл. Ұлы Даланың жеті қыры. 21 қараша 2018 жыл.
- 11.Кром М.М. Тарихи антропология. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2020 жыл.
12. Тарихи білім тарихы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2020 жыл.
13. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Жолдаулары: Сандарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. 2 қыркүйек 2019 ж.; Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. 1 қыркүйек 2020 ж.; Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. 1 қыркүйек 2021 ж. <http://www.akorda.kz>
Интернет-ресурсы: <http://www.akorda.kz>
<http://www.rkcntidad.kz>

<http://www.ncai.kz>
<http://elibrary.ru>